5420179361

№4399-19-00-2а/1192 Судья: Р.Шамшиев

Баяндамашы:С.Н.Жуынтаева

ҚАУЛЫ

2019 жылғы 7 тамыз Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші А.Ж.Шығамбаев,

судьялар К.Б.Каниева мен С.Н.Жуынтаева болып,

прокурор Б.Бұхарбаевтың,

жауапкердің өкілі Б.Досжановтың (03.08.2019 жылғы сенімхат негізінде),

даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға «Ремстрой» ЖШС-нің басшысы Қ.Ермаханның қатысуларымен

ашық сот отырысында облыстық сот ғимаратының сот мәжілісі залында дыбыс-бейне жазба қондырғысын қолданып,

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылғы 12 маусымдағы шешіміне талап қоюшының келтірген апелляциялық шағымымен түскен

талап қоюшы «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «КомпанияГазСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (одан әрі - ММ) сотқа берген талап қою арызында жауапкер «КомпанияГазСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (одан әрі – ЖШС) «ОҚО Шардара ауданы Шардара қаласы үшін «Шардара» №18 ГТС-тан тартылатын жоғары қысымды газ құбырын және Өтеғұл ықшамауданында орамішілік орта қысымды газ құбырын салу» бойынша ашық конкурс тәсілімен өткізілетін электрондық сатып алуға біліктілік талаптарына сай келмейтін ақпарат бергені үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылғы 12 маусымдағы шешімімен талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандырудан бас тартылған.

Бірінші саты соты талап қоюшының талабын қанағаттандарудан бас тартқанда, жауапкердің 2015 жылғы СМПК-70 ауданындағы нысан бойынша «Ремстрой» ЖШС-мен шарт жасап, қосалқы мердігер ретінде жұмыс атқарғанын анықтаған және әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге алған.

Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 14.08.2019

Сот шешімімен келіспеген талап қоюшы «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-і апелляциялық шағым беріп, онда жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына анық емес ақпарат бергендіктен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы тізіліміне енгізілуге жатады деп көрсетіп, сот шешімінің күшін жоюды, талабын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдауды сұраған.

Жауапкер «Компания Газ Строй» ЖШС-і апелляциялық шағымға келтірген қарсы пікірінде сот шешімінің негізді әрі заңды қабылданғанын көрсетіп, шешімді өзгеріссіз қалдыруды сұраған.

Апелляциялық саты соты жауапкердің өкілі Б.Досжановтың және даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға «Ремстрой» ЖШС-нің басшысы Қ.Ермаханның сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған түсініктерін, прокурор Б.Бұхарбаевтың сот шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған қорытындысын тыңдап, істегі дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық шағым уәждерін талқылап, сот шешімі заңды әрі негізді қабылданғандықтан өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп тапты.

Бірінші саты соты шешім қабылдағанда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (одан әрі – АПК) 427-бабының 1-бөлігінде көрсетілген, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болатын заңбұзушылықтарға жол бермеген.

Іс құжаттарына қарағанда, талап қоюшы «ОҚО Шардара ауданы Шардара қаласы үшін «Шардара» №18 ГТС-тан тартылатын жоғары қысымды газ құбырын және Өтеғұл ықшамауданында орамішілік орта қысымды газ құбырын салу» бойынша ашық конкурс тәсілімен электрондық сатып алу жариялаған. Жауапкер осы сатып алу конкурсына қатысып, өзінің 2015 жылы «Ремстрой» ЖШС-нің «Қызылорда-СПМК-70» тұрғын ауданында жоғары қысымды газ желісінің құрылыс жұмыстарына қосалқы мердігері ретінде көрсетілген, құрылысы аяқталған газ тарату жүйесі объектісін қабылдап алу актісінің көшірмесін ұсынған.

Конкурстық комиссия 2019 жылғы 18 наурызда сұрау салу арқылы «Қызылорда қаласы СПМК-70 тұрғын кварталының құрылысы объектісіндегі» жоғары қысымды газ желісінің құрылыс жұмыстарын жүргізу нысаны бойынша 2015 жылғы мемлекеттік қабылдау актісінде «КомпанияГазСтрой» ЖШС-нің қосалқы мердігер ретінде көрсетілмегенін анықтап, оны конкурсқа қатыстырудан бас тартқан.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес

Құжатқа қол қойылған: Жұнтаева С. Н., 14.08.2019

ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізілімі жосықсыз қатысушылардың тізбесін білдіреді.

Алайда бірінші саты соты «Компания Газ Строй» ЖШС-нің бас мердігер «Рем Строй» ЖШС-мен 2015 жылғы 1 қазанда жасалған келісім шартқа сай «Қызылорда қаласы СПМК-70 тұрғын кварталының құрылысы объектісіндегі» жоғары қысымды газ желісінің құрылыс жұмыстарын жүргізгені және атқарған жұмыстарын тапсырыс беруші «Қызылорда қалалық құрылыс бөлімі» ММ-і мен пайдаланушы мекеме «КазТрансГазАймақ»АҚ ҚӨФ-на 2015 жылдың күзінде «Құрылысы аяқталған газ тарату жүйесі объектісін қабылдап алу» актісімен тапсырғанын анықтаған.

Сондықтан сот алқасы «Компания Газ Строй» ЖШС-н мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан негізді бас тартқан деп санайды.

Бірінші саты соты тараптармен ұсынылған дәлелдемелерге дұрыс баға берген.

Сот алқасы бірінші сатыдағы соттың әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге алып, талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тартқан сот шешіміне өзгеріс енгізуге немесе оның күшін жоюға негіз болатын заңды негіздер анықталмағандықтан, сот шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп тапты.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 424-бабының 1-тармағын, 426, 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылғы 12 маусымдағы шешімі өзгеріссіз, талап қоюшы «Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор Қазақстан Республикасы АПК-нің 434,435,436,440,441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот шешімін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші: А.Ж.Шығамбаев

Судьялар: К.Б.Каниева

Құжатқа қол қойылған: Жұнтаева С. Н., 14.08.2019

С.Н.Жуынтаева.

Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 14.08.2019

4399-19-3-2/1192

ЖАДНАМА

Құрметті сот ісін жүргізудің қатысушысы!

Жоғарғы Сотқа жүгінбес бұрын келесіні ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Кассацияның Сіздің өтінішхатыңызды қарауға құқығы бар ма? (АПК-нің 434-бабының 2-бөлігі - кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхат дұрыс толтырылған ба (АПК-нің 441-бабы) және Сіздің өкіліңіздің құжаттары ресімделген бе (АПК-нің 58-бабы)?

Өтінішхатқа сенімхатты, жоғары заң білімі туралы дипломның расталған көшірмесін, ордерді (адвокаттар үшін) тіркеу қажет.

III. Мемлекеттік баж дұрыс төленген бе?

- Салық кодексінің 610-бабын;
- АПК-нің 104-бабын;
- «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 07.07.2016 жылғы № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағын;
- соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатуды (Салық кодексінің 616-бабы) мұқият оқуыңыз қажет.

IV. Жоғарғы Сотқа мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің **Есіл ауданы бойынша** мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: **6205**

БКК **108126**

ТТК 911.

ЕСКЕРТУ:

Егер жергілікті соттардың сот актілері кассациялық тәртіппен қаралуға жатпайтын болса (I.т. қараңыз) немесе шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, тараптар АПК-нің 438-бабының 6-бөлігінде көзделген негіздер болған кезде Жоғарғы Сот Төрағасының атына ұсыну енгізу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқылы.

Өтінішхат II - IV.т.т. көрсетілген жоғарыда аталған талаптарға сәйкес ресімделеді.

Құжатқа қол қойылған: Жұнтаева С. Н., 14.08.2019